

"Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 13 қыркүйекте № 8706 тіркелді

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 25 мамырдағы № 154 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4725 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылы, шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

««Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесіндегі:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ереже «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабына сәйкес әзірленген және мұражайдың қор сақтамасындығы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу тәртібін белгілейді (әрі қарай - Ереже).»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтау қоймасының әрбір ашылуы қор сақтаушының қол қоюымен ашу мақсаты көрсетіле отырып тігілетін, нөмірленетін, жауапты тұлғаның қолы қойылатын, мұражайдың мөрімен бекітілетін арнайы журналда белгіленеді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қайта жаңғыртушылар мұражайдың сақтау қоймасына қайта қалпына келтіруді талап ететін мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын анықтау мақсатында ғана кіру құқығы бар. Мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларын қайта

жаңғырту жұмыстарына қабылдау-беру және оларды қайта жаңғырту жұмыстарынан алу осы Ереженің 2-қосымшасында берілген формаға сәйкес актілерімен рәсімделеді.»;

1-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет
к о м и т е т і :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн
өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр М. Кұл-Мұхаммед
Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай
коллекцияларына қол
жеткізу ережесіне
1-қосымша
Нысан

(Мұражайдың атауы)

Мұражайдың бас қор сақтаушысы

«__» _____ 20__ ж.

Мұражай ішіндегі алу-беру АКТІСІ

«__» _____ 20__ ж. № _____

Біз, төменде қол қойғандар _____

(Мұражайдың бас қор сақтаушысы, қор сақтаушы, Т.А.Ә.)
тапсырды _____

(тұлғаның атауы, Т.А.Ә.)

төмендегі мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларын материалдық
жауапкершілікті сақтауға уақытша қабылдап алды:

Түсім кітабы бойынша № инвентарлық № (			Өлшемі, салмағы	Сақталуы	Ескерту
түсім кітабының					

нөмірі болмаған жағдайда)	Атауы және қысқаша сипаттамасы	Материалы, техникасы	бағалы металдар үшін		

Берілу мақсаты: _____

Негізі: _____

Берген: _____

Материалдық жауапкершілікті сақтауға уақытша қабылдап алды: _____

Қатысқандар: _____

Мұражайдың сақтау қоймасындағы
мұражай жәдігерлері мен мұражай
коллекцияларына қол
жеткізу ережесіне

2-қосымша

Нысан

(Мұражайдың атауы)

Мұражайдың бас қор сақтаушысы

«__» _____ 20__ ж.

**Мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай коллекцияларын қайта
жаңғыртуға қабылдау-беру**

АКТІСІ

«__» _____ 20__ ж. № _____

Біз, төменде қол қойғандар, _____

_____ (тұлғаның атауы, Т.А.Ә.)

қайта жаңғыртуды қажет ететін мұражай жәдігерлері мен (немесе)
мұражай коллекцияларын өткізгендігі, ал _____

_____ (қайта жаңғыртушы/лар, Т.А.Ә.)

қайта жаңғырту жүргізу мақсатында төмендегі мұражай жәдігерлер
мен (немесе) мұражай коллекцияларын материалдық жауапкершілікті
сақтауға уақытша қабылдап алғандығы туралы осы акті жасалды:

№ р/с	Инв. №	Атауы	Сақталуы	Ескерту

Барлығы осы акті бойынша _____ дана өткізілді (сақтау бірлігі)

Өткізді _____

Материалдық жауапкершілікті сақтауға уақытша қабылдап алды _____

Нысан

(Мұражайдың атауы)

М ұ р а ж а й д ы ң б а с қ о р с а қ т а у ш ы с ы

« ____ » _____ 20 ____ ж.

**Қайта жаңғыртылған мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай
коллекцияларын қабылдау-беру**

АКТІСІ

« ____ » _____ 20 ____ ж. № _____

Біз, төменде қол қойғандар, қор сақтаушылар _____

(т ұ л ғ а н ы ң а т а у ы , Т . А . Ә .)

қайта жаңғыртылған мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай
коллекцияларын қабылдап алғандығы, ал қайта жаңғыртушы/лар _____

_____ (Т . А . Ә .)

төмендегі мұражай жәдігерлері мен (немесе) мұражай
коллекцияларын қайта жаңғыртылудан өткізгендігі туралы осы актіні жасалды:

№ р/с	Инв. №	Атауы	Қайта жаңғырту жұмыстарының түрлері	Ескерту

--	--	--	--	--

Өткізді _____ Қабылдап алды _____
Қайта жаңғыртылған мұражай жәдігерлері және (немесе) мұражай
коллекциялары қайта жаңғырту жұмыстарынан соң қайтарып алынды.
« _____ » _____ 20 _____ жыл.
Қор сақтаушының қолы _____